



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Сайлаубай Д.С

«Мемлекеттік аудит» ОБ 1-курс студенті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: saylaubaydamira@gmail.com

Андатпа. Бұл мақалада ішкі мемлекеттік аудит комитетінің функциялары мен міндеттері қарастырылды. Сондай - ақ, Комитеттің негізгі міндеттемелері ретінде -мемлекеттік аудит міндеттерінің орындалуын талдау және тексеру, мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын бағалау және тексеру аталып өтілді. Мақала негізінде Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдіру үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне аудиторлық ішараларды жүргізу кезінде цифрлық технологияларды пайдалануды ынталандыруға, ақпараттық базаны жетілдіруге, мемлекеттік аудит органдары қызметінің сапасын бағалауға бағытталған өзгерістер енгізу ұсынылады. Аудит нәтижелерінің республикалық бюджет тапшылығына әсерін бағалау үшін экономикалық-статистикалық әдістер пайдаланылды, негізгі көрсеткіштер бойынша кестелер мен графикалық бейнелер түрінде салыстыру үшін деректерді құрылымдау жүргізілді.

Тірек сөздер: ішкі мемлекеттік аудит, жоғарғы орган, қызмет, бақылау мен тексеріс

Аннотация. В данной статье рассматривается функции и обязанности Комитета внутреннего государственного аудита. Также отмечается основные задачи Комитета — это анализ и проверка выполнения обязанностей государственного аудита, оценка и проверка эффективности внутренних процессов организации деятельности госорганов, качества оказываемых госуслуг, сохранности активов государства. Для совершенствования государственного аудита и финансового контроля на основе статьи предлагается внести изменения в нормативные правовые акты Республики Казахстан, направленные на стимулирование использования цифровых технологий при проведении аудиторских мероприятий, совершенствование информационной базы, оценку качества деятельности органов государственного аудита. Для оценки влияния результатов аудита на дефицит республиканского бюджета использованы экономико-статистические методы, проведено структурирование данных для сравнения в виде таблиц и графических изображений по основным показателям.

Ключевые слова: внутренний государственный аудит, вышестоящий орган, деятельность, контроль и проверки

Abstract. This article discusses the functions and responsibilities of the Internal State Audit Committee. It is also noted that the main tasks of the Committee are the analysis and verification of the fulfillment of the duties of the state audit, evaluation and verification of the effectiveness of internal processes of organizing the activities of state agencies, the quality of public services provided, the safety of state assets. To improve the state audit and financial control on the basis of the article, it is proposed to amend the regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan aimed at stimulating the use of digital technologies in conducting audit activities, improving the information base, assessing the quality of the activities of state audit bodies. To assess the impact of the audit results on the republican budget deficit, economic and statistical methods were used, data was structured for comparison in the form of tables and graphical images according to the main indicators.

Keywords: internal state audit, higher authority, activities, control, and inspections

Қазақстандық қоғамның дамуы және мемлекеттік аппарат алдында туындайтын жаңа форматтағы міндеттемелер мемлекеттік басқарудың мықты жүйесінің жұмыс істеуін талап етеді. Осы мәселелерді шешуде мемлекеттік басқарудың ажырамас бөлігі ретіндегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлі де артты. Алайда, елдегі қолданыстағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі "біржақты" болды және тек бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану және қаржылық бұзушылықтар жағдайларын анықтауға бағытталған. Қолданыстағы басқару жүйесіне баға беретін және оны одан әрі тиімді дамыту бағыттарын анықтайтын осындай институтты енгізу қажеттілігі туындады. Халықаралық тәжірибеде мұндай рөлді мемлекеттік аудит атқарады.

Мемлекеттің экономикалық саладағы реттеуші функциясын тиімді жүзеге асыру қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды және жолын кесуді көздейді. Жақсы реттелген, пәрменді мемлекеттік аудит жүйесінің болуы күшті демократиялық мемлекеттің болуының қажетті шарты және мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады.


Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу Тұжырымдамасы бекітілді онда: "Біз ең озық әлемдік тәжірибе негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құруымыз қажет" делінген [1]. Осы Тұжырымдама мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін кезең-кезеңімен реформалауды және оның функционалдық бағыттарын бұдан әрі кеңейтумен бірге мемлекеттік аудитті енгізу пайымын және негізгі тәсілдерін анықтайды.

Экономиканы, қаржы ресурстарын тиімді басқару жүйелік талдау, басқару механизмінің элементтері, атап айтқанда экономикалық құбылыстарды жоспарлау, пайдалану және бақылау механизмдері арасындағы кері байланыс негізінде қамтамасыз етіледі. Бұл ретте бақылау экономиканы басқарудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін дамыту мақсатында, сондай-ақ тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде 2015 жылғы қарашада "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заң қабылданды. Бұл ретте, Заң мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау ұғымдарын айқын ажыратады. Мемлекеттік аудит анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстар негізінде пәрменді ұсынымдар бере отырып, қаржылық мәселелерді ғана емес, сондай-ақ олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігін тұтас және тәуелсіз бағалауды білдіреді

Жалпы мемлекеттік аудит Қазақстан үшін тек қаржы мәселелерін ғана емес, сонымен қатар тәуекелдерді басқару бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар негізінде ықпалды ұсынымдарды ұсынумен бірге, олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын, аудит объектілері қызметінің тиімділігінің тұтас және тәуелсіз бағасы ретінде көрінеді.

Субъектісіне байланысты мемлекеттік аудит сыртқы және ішкі аудитке бөлінеді (сурет -1)




Сыртқы мемлекеттік аудиттің негізгі міндеттері халықтың тұрмыс жағдайлары сапасының қарқынды өсуін және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың (қаржылық, табиғи, өндірістік, кадрлық, ақпараттық) тиімді және заңды басқарылуын талдау, бағалау және тексеру болып табылады.

Ал ішкі мемлекеттік аудит міндеттері – мемлекеттік аудит объектісінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізуін, қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі мен анықтығын, мемлекеттік аудит объектілері қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін,

көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің сақталуын талдау, бағалау және тексеру болып табылады.

Есеп комитеті және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың тексеру комиссиялары сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары болып табылады. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары – Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті), орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ішкі аудит қызметі, сондай-ақ бірінші басшысының қалауы бойынша орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының ішкі аудит қызметі.

Мемлекеттің дамуы мен нығаюына қарай мемлекеттік аудит көптеген өзгерістерден өтті. Мемлекеттік аудиттің қалыптасуындағы негізгі кезеңдерге тоқтала кетсек (кесте – 1)



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті орталық атқарушы органның құзыреті шегінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады. Ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органның негізгі функциялары - бұл мемлекеттік органдардың қаржылық есептілігінің аудиті, сәйкестіктің нақтыланған аудиті және бұзушылықтардың алдын алудың және профилактикасының жаңа элементі ретінде камералдық бақылауды жүргізу.

Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы-Мынжасаров Ержан Тілекұлы

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган:

1) тәуекелдерді басқару жүйесі негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, оның ішінде шоғырландырылған қаржылық есептіліктің және Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне жыл сайынғы аудит жүргізеді;

2) сәйкестік аудитін жүзеге асырады;

3) қаржылық есептілік бекітілгенге дейін өз қызметінің нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын есеп береді;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесіне кіретін Ішкі аудит қызметтерінің қызметін үйлестіру мақсатында:

- ішкі аудит қызметтеріне әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

- ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;


- жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша ішкі аудит қызметтерінің есептік ақпаратына талдау жүргізеді;

- ішкі аудит қызметтері қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізеді;

- мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу үшін тәуекелдерді басқару жүйесі ұсынған тәуекел объектілері бойынша ақпаратты ішкі аудит қызметтеріне жібереді;

- ішкі аудит қызметтерінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының және ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

Комитеттің құқықтары мен міндеттері



Мемлекеттік аудитке көшумен уәкілетті органның қызметі тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, бұзушылықтардың алдын алу әдісін дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, жоспарлы тексерулер 6,5 есеге қысқарды, яғни 2015 жылы жоспар бойынша тексерулер саны 3 мыңнан астам болса, 2019 жылға қарай ол 500-ге дейін азайды. Сондай-ақ, аудиторлардың аудит объектілерінде болу мерзімдері қысқарды, мысалы егер бұрын тексеру тобы аудит объектісінде 2 жылда бір рет бақылау жүргізсе және тексеру ұзақтығы орта есеппен 1 айды құраса, бүгінде ІМАК аудиторлары сәйкестік аудитті нақты түрде жүргізіледі, оның ұзақтығы мәселенің ауқымына байланысты 1-9 күнге дейін созылады. Бұл ретте, тексерулердің дәлдігі тиімді болды-анықталған бұзушылықтардың қамту үлес салмағы екі есеге жуық өсті. Мәселен, 2015 жылмен салыстырғанда нәтижелілік 30%-ды құрады, 2019 жылы бұл көрсеткіш 55%-ға дейін өсті. Аудит қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бойынша оң динамика сақталуда. Мысалы, 2019 жылға қарай 2015 жылмен салыстырғанда бұзушылықтар сомасын бюджетке қайтару 4 есеге артты.

Келесі айта кетерлік жағдай құқық қорғау органдарының сұраулары мен шағымдары бойынша ресурстарды жоспардан тыс тексерулерге алаңдату болып табылады. ІМАК(КВГА) - жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, құқық қорғау блогының хаттары мен жоғары тұрған органдардың тапсырмалары бойынша жоспардан тыс аудитті жүзеге асыратын мемлекеттік аудит органдарының арасындағы жалғыз субъект. Жоспардан тыс сипаттағы жұмыс 89%-ды құрайды, бұл ресурстарды негізгі қызметтен едәуір алаңдатады. Динамикада жоспардан тыс тексерулердің 40%-дан астамы шағымдарды қарауға және құқық қорғау органдарының сұрау салулары бойынша 30%-ға жуық жүзеге асырылады. Мұның алдын алу шарасы ретінде, және де кейбір бизнес-процестерді оңтайландыру мақсатында, құқық қорғау органдарының бастамасы

бойынша тексерулерді аудиторлық ұйымдарға аутсорсинг арқылы жүзеге асыру ұсынылады

Ішкі мемлекеттік аудит комитетімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер

ҚР Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті заңды тұлғаларға 4 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді, олар

- аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру
- кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік беру
- бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын аккредиттеу туралы куәлік беру
- бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік беру

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтер толығымен автоматтандырылған және «Электрондық үкімет» веб-порталдары арқылы көрсетіледі.

Комитет өткен 2021 жылғы кезеңде 213 мемлекеттік қызмет көрсетті, оның ішінде: аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия беру бойынша - 181 мемлекеттік қызмет, бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын аккредиттеу туралы куәлік беру бойынша – 8 мемлекеттік қызмет, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік беру бойынша – 20 мемлекеттік қызмет, кәсіби аудиторлық ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік беру бойынша – 4 мемлекеттік қызмет.

Мемлекеттік аудитті жүзеге асыру, сөзсіз, бюджеттік бағдарламалардың орындалуын тәртіпке келтіреді және ұйымдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмысын реттейді. Қаржылық бақылау органдары қызметінің тиімділігі өте жоғары болды және болып қала береді. Жыл сайын бюджет қаражатын заңсыз, мақсатсыз, тиімсіз пайдалану, кірістерді жасыру және басқа да бұзушылықтар фактілері анықталады.

Бүгінгі таңда осы күндердің жағдайымен өткен жолды бағалай отырып, сол кезде ішкі мемлекеттік аудит комитетін құру туралы қабылданған шешім өте дұрыс және уақтылы болды деп сеніммен айтуға болады. Осы тарихи кезеңде ведомствоның жұмыс істеуі өтпелі кезеңнің қиындықтарын пайдаланып, халыққа тиесілі материалдық игіліктер мен ақшалай қаражаттарды заңсыз иемденуге тырысқандарға тосқауыл қоюға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда мемлекеттік аудит елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы No 392-V Заңы [Электронный дереккөз] cdb.kz:<https://cdb.kz/sistema/pravovaya-baza/ogosudarstvennom-audite-i-finansovom-kontrole/>

2. Сертификация государственных аудиторов // <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/activities/directions?lang=ru>. 15.02.2020.

3. Смаилов А.А. Дальнейшее развитие государственного аудита в целях повышения эффективности использования бюджетных средств: доклад от 10.02.2020 года // <https://www.zakon.kz/5006688-doklad-pervogo>.
4. Показатели аудиторской деятельности // <http://kvga.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?Navigation>. 15.02.2020.
5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы. Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу ережесін бекіту туралы: UTV. 19.03.2018 ж. No 392/ <http://adilet.zan.kz/rus> 10.04.2020 ж.
6. Диссертация_Бексултанов А..pdf <https://repository.apa.kz/bitstream/handle>
7. Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті туралы <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga?lang=kk>
8. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті жүзеге асыру тұжырымдамасын бекіту туралы: UTV. 2013 жылғы 3 қыркүйекте No 634 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000634>.
9. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметін бағалау нәтижелері // <https://www.gov.kz/memleket/>
10. Бюджеттік тәртіп: елдің өсу кезеңі және Қазақстан Республикасының қаржы қызметі <https://vecher.kz/byudzhethnaya-distsiplina-stupeni-rosta-strani-i-finansovoy-sluzhbi-rk>

SOCIAL AUDIT IN ASSESSING SOCIETY'S SATISFACTION WITH THE QUALITY OF PUBLIC SERVICES AND THE WELFARE OF THE POPULATION

D.D. Ismagulova, A.N. Rakaeva

First-year master student in the educational program State Audit, Candidate of
Economic Sciences, Associate Professor

*L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan*

(E-mail: dinaraismagulova77@gmail.com, rakaeva@yandex.ru)

Abstract. This article presents data on the conduct of social audit among the population. The purpose of this study was to analyze the practice of assessing the quality of public services and develop proposals aimed at improving it based on the methodology of social audit. The study used the principles of activity approach in the system of social audit. In the course of processing primary data, methods of observation, description, synthesis and analysis were used. On the basis of the conducted three-stage experiment, a positive correlation was established between the growth in welfare of population and degree of satisfaction with the quality of public services. According to the social audit conducted, measures were formulated to improve the system for assessing accessibility and quality in the field of public